

Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 7 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 ақпанда № 9-7-92 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 қазандағы № 284 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009.10.27 № 284 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының, 1-тармағының 14)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережелеріне сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау ұйымдастырылсын.

2. Медициналық куәландыруға, жол жүруге, тұруға және тамақтануға шығындарды қаржыландыру және төлеу оқытуды аяқтағаннан кейін келесі көлемдерде аудандық бюджет қаражаттарының есебінен жүргізіледі:

- 1) тұру – айына екі есеп көрсеткіші;
- 2) тамақтану – айына үш есеп көрсеткіші;
- 3) медициналық куәландырудың толық құны;
- 4) облыс шегінде оқу орнына баратын жолдың толық құны.

Тұрғылықты жері бойынша оқытудан өткен жұмыссыздарға тек қана тамағы мен медициналық куәландыруға шығыстары өтеледі.

3. Төлемдер келесі құжаттарды ұсынған кезде жасалады: арыз, арыз берушінің жеке бас куәлігінің және кәсіби оқыту туралы куәліктің көшірмелері, темір жол немесе жолаушылар көлігінде жүру құжаттары, медициналық куәландыруға төлеу жөніндегі төлем құжаты.

4. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар" мемлекеттік мекемесі және "Әуликөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік

мекемесі жұмыссыздарды кәсіби даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға уақытылы тағайындалуын және қаржыландырылуын қамтамасыз етсін

5. Әуликөл ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 26 мамырдағы № 203 " Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-11 тіркелген, "Әуликөл" газетінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 27 жарияланған) күшін жойған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Нұғманова Роза Сыздыққызына жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ә у л и е к ө л

ауданының әкімі

Б. Ғаязов